

**Қаракемер мектеп-балабақшасы бойынша
2022-2023 оқу жылы бойынша ата-анамен жүргізілетін
жұмыстар қорытынды**


Қаракемер мектеп-балабақшасында 2022-2023 оқу жылында ата ана, оқушы, мектеп үштік одақ арасындағы қарым қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру, мектеп пен ата аналар және балалардың өзара қарым қатынасы мен әрекетінде бірлікке, ынтымақтастыққа жеткізу мақсатында ата аналармен жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Әлеуметтік педагогтың жоспары негізінде тамыз айында әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларды анықтау мақсатында оқушылардың отбасылық жағдайына талдау жасалды. Жоспар негізінде ата аналар комитетінің төрайымы сайланып біршама жұмыстар жүргізілді.



https://www.instagram.com/p/CiwoA_1A8VJ/?igsh=dzdvbHZudWo3djR0

Ұрпақ тәрбиелеуде отбасының бала тәрбиесіндегі атқарар рөлі зор. Отбасы тәрбиесін табысты жүзеге асыру балалардың іс әрекеттерін ұйымдастыруға көмек көрсетеді. Сондықтан да қазіргі уақытта отбасы тәрбиесін тереңдете отырып, әкелер мен аналардың бала тәрбиесіне байланысты жауапкершілігін арттыру қажет. Әрі бұл жұмысты отбасы мен білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастық арқылы жүзеге асыру мақсаты көзделді.

- 2022-2023 оқу жылына дайындық;
- 2022-2023 оқу жылына ата аналар комитетін сайлау;
- “Мектепке жол” акциясы “Оқу барысының міндеті мен жауапкершілігі”. Оқушылардың күнделіктеріне өзгерістер мен толықтыруларды таныстыру.
- Мектептің Жарғысы мен ішкі тәртібімен таныстыру. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің “Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту” туралы бұйрықтармен таныстыру. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі үйірмелер мен спорттық секцияларға тарту. Мектептің ішкі тәртіп ережесі.
- Құқық бұзушылықтың алдын алу. “Жол ережесі” (оның ішінде жаяу жүргіншілер жолы, жолда жүру қауіпсіздігі, темір жол бойында жүру ережелері және темір жол қауіпсіздігі). “Жол көліктен жарақаттануды алдын алу және олардың зардабын анағұрлым төмендету” жөнінде ескертулер жасау. Діни экстремистік терроризмнің алдын алу.
- Бейілеуметтік мінез құлықты оқушылармен алдын алу жұмыстарын ата аналар арқылы ұйымдастыру.
- Ерте жүктіліктің алдын алу.
- Ата -аналар жұмысына қатысымы, оқушылардың сабаққа қатысымы т.б түрлі мәселелер қаралып, оң шешімін тапты.




<https://www.instagram.com/p/Co-FRui0Wbz/?igsh=aTB6eGZqN28xbHA0>

Мектеп психологы “Балалардың суицидті мінез құлықның алдын алу бойынша әдістемелік ұсыныстар” тақырыбында психологиялық сабақ өткізді. Сабақ барысында ата аналарға бала психологиясы туралы, мінез құлқындағы ерекшеліктерді анықтауда түрлі кеңестер берілді. Жұмысқа мектеп бойынша барлық ата ана қатынасты.

Отбасы күніне орай “Отбасы бақыт мекені” тақырыбында көпбалалы отбасы аналарымен кездесу өтті. Мақсаты: Отбасы мерекесін атап өту, мектеп пен ата ана арасындағы арасындағы арақатынасты, ата анаға деген құрмет сезімін нығайту, отбасындағы психологиялық білімдерін толықтыру. Кездесу отбасы туралы кііспе сөзбен ашылып, ата аналар оқушылар қойған сауалдарға жауап беріп, отбасы тәбиесі жөніндегі бейнебаян қосылып талқыланды. Ата аналар мен оқушылар тәрбиелік мәні бар мақал мәтелдердің мәнін ашып, психологиялық тренинг жаттығулар орындалды. Кездесу соңында іс шараға қатысқан аналарға отбасы күнімен құттықтап, әсем әуен орындалды.

Буллинг, кибербуллинг фактілерінің алдын алу мақсатында ата аналармен ауылдық учаскелік инспекторын қатыстыра отырып, түсінік жұмыстары жүргізілді. Өткізген педагог психолог А.Е.Қалиева.



Әлеуметтік педагог М.Жұмағалиева интернеттегі алаяқтықтың алдын алу мақсатында ата аналарға және ауыл тұрғындарына алаяқтықтың алдын алу бойынша кеңестер жазылған жаднамалар таратып, алаяқтықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, интернет алаяқтықтарының алдын алу, болдырмау мақсатында ауылдық учаскелік инспекторымен мектеп қызметкерлері мен ата-аналарына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында 8 наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай, “Әжемнің ертегісі” тақырыбында сайыс өткізіліп, марапатталды.

Мақсаты: отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, отбасылық арақатынасты және ата-әже мен ата-анамен балалардың бос уақытын бірге өткізу, аналарымыздың кітап оқу әдетіне айналған, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру.

“Әкем анам және мен” атты отбасылық жарыс ұйымдастырылып, шара барысында отбасылық командалар турларда берілген тапсырмаларды, ұйымшылдықпен шеше отырып, жеңіске жете білді. Жарыс соңында деңгейлеріне сай отбасылар марапатталды.

Отбасындағы қолайсыз құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында “Отбасындағы құқықбұзушылықтарды болдырмау” тақырыбында дөңгелек үстел өкізілді.

Мақсаты: ата-аналарға бала тәрбиесіне байланысты кеңестермен талықлау. “Отбасындағы зорлық зомбылықтың бала болашағына әсері” атты ата-аналармен мектеп психологының ұйымдастыруымен психологиялық кеңестер жүргізілді.

Жалпы ата-аналармен жұмыс жоспары негізінде ата-аналарды мектеп өміріне тарта отырып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі рөлін арттырып, ата-аналардың ұсыныс пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталаық сұрақтар алып ұсыныстары негізінде сұраныстарын қанағаттандырылды. Сонымен бірге жыл бойғы жүргізілетін тәрбие жұмыс түрлері ата-аналармен бірлесе отырып, тиімді ұйымдастырылды. Ата-аналармен жұмыс бойынша оқу жылына жоспарланған барлық жұмыстар өз деңгейінде өтілді.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  Г.К.Досқалиева